

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ-ның 2024 жылғы 1 шілдедегі негізгі көрсеткіштеріне шолу: салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 20 трлн теңгеге жетті

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) «БЖЗК» АҚ-дағы жеке және шартты шоттарында **шамамен 20 трлн теңге** жинақталды. Жыл басынан бері 01.07.2024ж. дейін олардың өсімі **2,1 трлн теңгеден (11,8%)** асты. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, зейнетақы жинақтарының көлемі **3,9 трлн теңгеге** жуық немесе **24,3%** өсті.

Отандастарымыздың жинақтарының 96% МЗЖ есебінен қалыптастырылды, оның көлемі 01.07.2024ж. шамамен **19,3 трлн теңге** болды (бір жылдағы өсім – 23,7%, жыл басынан бері-11,3%). МКЗЖ бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы - **619,9 млрд теңге** (бір жылдағы өсім – 22,9%, жыл басынан бері - 9%). Ең үлкен өсімді (жылына 48,4%, жыл басынан бері 22,5%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі - **6,5 млрд теңге**.

Зейнетақы жинақтарының маңызды құрамдауышы - зейнетақы жарналары, олардың көлемі 2024 жылдың 6 айында **1,3 трлн теңгеден** асқан, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 28,4% немесе **290,8 млрд теңгеге** артық. Атап кетейік, өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) – 18,7%, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) – 20,3%, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) – 30,4% көрсетті.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 6 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен **98,9 млрд теңге** болды.

Жинақтардың тағы бір маңызды бөлігі - инвестициялық кіріс. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында БЖЗК салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс шамамен **1,21 трлн теңгеге** жетті.

Ағымдағы жылдың 6 айында БЖЗК-дан төлемдер түріндегі шығыс ағындары **457,6 млрд теңгеден** асты. Бұл ретте осы соманың негізгі бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрайды – ол шамамен **190,4 млрд теңге**, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,4 есе жоғары.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен **97,3 млрд теңге** болды.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – **28,6 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **17,9 млрд теңге**, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – **1,5 млрд теңге**, жерлеуге төлемдер - **4,9 млрд теңге** мөлшерінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **117 млрд теңгеден** астам сома аударылды.

БЖЗК-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) **33 883 теңге** болса, ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы **945 752 теңгеге** тең. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗК-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы **32 111 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы **742 692 теңге** болды.

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗК-дағы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны - 12,4 млн бірлік, оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 688,6 мың - МКЗЖ бойынша, 421,3 мың - ЕЗЖ бойынша.

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗК-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны **3,9 млн бірлікке** жетті. Онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескеріледі.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «**Көрсеткіштер**» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).